

ӘЛ – ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ауыспалы-ылғалды құрғақ-шөпті-орманды және субтропикалық саванналы облыстардың топырақтарының таралу ерекшеліктері

Орындаған: Ғуламғозиев Ж
Тексерген: Мамутов Ж

Ауыспалы-ылғалды құрғақ-шөпті-орманды және субтропикалық саванналы облыстардың топырақтары.

- Бұл алқаптардын зоналық топырақтары қоңыр және сұр-қоңыр түсті. ТМД елдеріндс бұл топырақтар негізінен таулы аудандардың құрғақ шөпті-орманды және сирек орманды жерлрінде кездеседі. Бұл зонаға негізінен Жерорта теңізі аймағына тән климат, яғни ылғалды, жылы қыс, құрғақ, жазы ыстық, ал қар жамылғысы өте аз немесе тіпті жоқ. Сонымен қысы мен жазының гидротермикалык режимдері әрқалай. Қысы ылғалды, әрі жылы мерзімде алғашқы минералдар белсеңді түрде үгіліп, балшықты гидрослюдалы монтмориллонитті-илитті құрамды екінші минералдар түзіледі.

Ауыспалы ылғалды орманды зона топырағы

- **Субтропикалық ауыспалы–орман аймақтары** алтыға бөлінеді, соның үшеуі оңтүстік, үшеуі солтүстік жарты шарда орналасқан.

Солтүстік жартышарда бұлар Жерорта теңізі аймағы - Жерорта теңізі маңайындағы мемлекеттер, Кіші және Алдыңғы Азия. Шығыс Азия аймағы - Үндістан, Пакистан, Бирма, Қытай. Солтүстік Америка аймағы-Техас, Нью-Мексика, Аризона, Калифорния штаттары, Мексиканың үлкен бөлігі.

Оңтүстік жартышарда орналасқан Австралиялық аймағы, Оңтүстік Африка-Калахари және Оңтүстік Америка аймағы - Парагвай, Уругвай ылғалды субтропикалар және Анд таулар етегіндегі шөлейттер арасы.


Бұл аймақтарда қоңыр және сұр-қоңыр топырақтар таралған.

- Олардың арасында субтропикалық **қоңыр топырақтар** ауыспалы – ылғалды, жиі құрғақ жаз және ылғалды қыс, шайылмайтын су режімі субтропикалық ауа-райы жағдайында қалыптасады. Өсімдіктерден аласа бойлы ксерофитті ормандарда емен, арша, пістелердің субтропикалық түрлері өседі.
- Қоңыр топырақтардың қарашірінді мөлшері 4-7%, қалыңдығы 40-45см. болады. Қарашірінді құрамында гуматты қосылыстары басым келеді, гранулометриялық құрамы ауыр құмбалшық, топырақ кескінінде лай біркелкі бөлінген. Жазықта қоңыр топырақтар 160млн. гектарды алады, ал тауларда одан да көп таралған.
- **Сұр-қоңыр топырақтар.** Бұл топырақтар ауыспалы-ылғалды климатта бірақ, алдыңғы аймаққа қарағанда құрғақты ауа-райында қалыптасады. Өсімдіктер жамылғысы бұталы субтропикалық далаларға тән, қыста жауын-шашын мол болады соның нәтижесінде жеңіл еритін тұздар төменгі қабаттарға шайылып кетеді. Кальций және магний карбонаттары топырақтардың барлық қабаттарында байқалады. Қарашірінді мөлшері 2-4%, қалыңдығы 30-40см. Жазықта сұр-қоңыр топырақтар ауданы 270млн.га-ға тең.



Саванналы орман топырағы

- Экватордан солтүстікке және оңтүстікке қарай ылғалды тропиктік **ормандар саваннамен** алмасады. Ормандар сирейді, олардың құрамы кедейленеді, тұтас орман массивтерінің арасынан саванна дақтары пайда бола бастайды. Өсімдіктердің өзгеруі ылғалды кезеңнің қысқаруының және экватордан алыстаған сайын ұзара түсетін кезеңнің пайда болуының ықпалымен жүреді. Материктің шығысында шөлге айналған саванналар Сомали түбегін түгелдей алып, экваторға дейін және одан да оңтүстікке созылып түсіп, айрықша үлкен алқаптарды алып жатыр. Шөлге айналған саванналардың топырағы кызыл-қоңыр. Негізгі жыныстар тараған жерлерде **қара** түсті топырақ тараған. Саванналардың астында қызыл топырақтар және селдір ормандардың астында қызыл – қошқыл қоңыр топырақтар қалыптасады.



- Жалпы қоңыр және сұр қоңыр топырақтар — табиғи күйінде құнарлы топырақтар. Олар тез пісетін. Азықтық, әсіресе жемісті дақылдар үшін егіншілікке кең пайдаланылады. Ал жазда құрғақшылықта қосымша суарған жағдайда бұл топырақта егілетін дақылдар өнімі арта түседі. Онда мақта, жүзімдіктер, бау-бақша, темек көкөністер т.б. дақылдар өсіп, жақсы өнімдер береді. Тіпті Өзбекстанның Бостандық ауданының қоңыр топырақты тау беткейлерінде жабайы жемісті ағаштар, оның ішінде қымбатты жанғақ ағаштары өсіп, жемістер береді.

